

**«Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» ШЖҚ МКК-ның (ОПАБ)
жиналыс ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№6

03 қыркүйек 2024 жыл

Қатысушылар:

Жиналыс төрағасы – ОПАБ басшысы М.Р.Копабаев;

Жиналыс хатшысы – кадр инспекторы А.А.Жанталиева;

Кәсіпорын қызметкерлері – 17 қызметкер.

Күн тәртібінде: «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығын (бұдан әрі *Үлгілік ереже*) түсіндіру.

Жиналысты төрағасы М.Р.Копабаев ашып, Үлгілік ереже бойынша түсіндіру жүргізу үшін сөзді ОПАБ-ның заңгері әрі комплаенс офицері қызметін қоса атқарушы М.Н.Зұлпыхарға берді.

М.Н.Зұлпыхар Үлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметті функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайтындығын жеткізді.


Осы Үлгілік ережеге сәйкес ОПАБ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі құрылып, жұмыс жасап жатқандығын оның негізгі мақсаты ОПАБ-та сыбайлас жемқорлықты болдырмау, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын-алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізіп отыру, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету болып табылатындығын түсіндіріп берді.

ОПАБ комплаенс офицері ретінде М.Н.Зұлпыхар Үлгілік ережеге сәйкес ОПАБ-тың бөлім меңгерушілерінен, бас есепшісі мен басқа да жауапты тұлғаларынан қажетті құжаттар мен ақапараттарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды алуға, ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге, қызметтік тексеру барысында жазбаша түсіндірмелер беруді талап етуге құқығы барлығын да айтты.

Сонымен қатар, ол комплаенс офицері ретінде атқарған жұмыстары туралы мерзімінде ОПАБ басшылығына есеп беріп отыратындығын хабарлады.


Жиналыс соңында қатысушылардың сұрақтарына жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы:



М.Р.Копабаев

Жиналыс хатшысы:



А.А.Жанталиева

